



# Magjan juldzy

6+

Магжан Жұмбаев ауданының газеті

2008 жылдың 11 шілдесінен шығады

№ 45 (896) 13 қараша 2025 жыл

[www.facebook.com/Magzhan\\_zhuldizi](http://www.facebook.com/Magzhan_zhuldizi) [https://vk.com/Magzhan\\_zhuldizi](https://vk.com/Magzhan_zhuldizi) e-mail: [magzhan:zhuldizi@yandex.kz](mailto:magzhan:zhuldizi@yandex.kz)

ПРЕЗИДЕНТ

## ҚР ІШКІ САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАРЫ, ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ МЕН БАҒЫТТАРЫ БЕКІТІЛДІ

КІРІСПЕ

Ішкі саясат – елді тұрақты дамыту үшін мемлекеттік институттарды жұмылдыруға және нығайтуға арналған мемлекеттік саясаттың аса маңызды саласы.

Қазақстанның жан-жақты жаңғыруына байланысты ішкі саясаттың негізгі қағида-тарын, құндылықтары мен бағыттарын бір жүйеге келтіретін жеке тұжырымдамалық құжат қабылдау қажеттігі туындады.

2022 жылғы конституциялық реформа еліміздің жаңа тарихындағы маңызды оқиғаның бірі болды. Бұл реформа мемлекеттің негізгі институттары арасында билік өкілеттіктерін қайта бөлу арқылы барынша әділ саяси жүйе құруға септігін тигізді.

Сондай-ақ нарық қағида-тарына, адал әрі еркін бәсекелестікке, ресурстарды әділ бөлу ұстанымына негізделген жаңа экономикалық саясатқа көшу үдерісі басталды. Ұлттық экономиканы дамыту ісі азаматтардың әл-ауқатын жақсартуға, Қазақстанның өңірдегі көшбасшылық рөлін сақтауға және халықаралық беделін күшейтуге бағытталған.

Әлеуметтік-гуманитарлық салада ауқымды өзгерістер жүзеге асырылып жатыр. Ғылым, білім және мәдениет озық ойлы ұлт болуға ықпал ететін басты үш тірек ретінде жарияланды.

Сонымен қатар қазір әлемде геосаяси, экономикалық, климаттық, демографиялық және көші-қон факторларынан туындайтын түбегейлі өзгерістер жүріп жатыр. Жаппай цифрландыру ісінің және жасанды интеллектінің негізінде жаңа технологиялық тәртіп қалыптасып келеді. Бұл үдерістер қазіргі заманғы қоғамдардың әлеуметтік құрылымдарына, соның ішінде Қазақстанға едәуір ықпалын тигізеді.

Сондықтан елді жүйелі жаңғыртудың жаңа кезеңінде мемлекет алдында ішкі саясат саласына қатысты мынадай екі деңгейлі міндет тұр.

Біріншіден, еліміздің ішкі және сыртқы ахуалға тиімді бейімделуін қамтамасыз ету керек.

Екіншіден, мемлекеттік институттар мен қоғамның жасампаздық бағыттағы өзара іс-қимылының негізгі қағида-тарын айқындау қажет.

Бұл құжат ел дамуының келешегіне қатысты мемлекет пен қоғамның ортақ көз-қарасын қалыптастыруға септігін тигізеді.

Құжаттың нормативтік және құқықтық негізі – Қазақстан Республикасының



Конституциясы, Қазақстан Республикасының заңдары, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтары, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілері.

Құжат Президенттің Қазақстан халқына Жолдаулары мен Қазақстан Республикасы Президентінің сөйлеген сөздері, Қазақстан Республикасының 2029 жылға дейінгі ұлттық даму жоспары негізінде, Ұлттық құрылтай мүшелерінің, мемлекеттік органдардың, қоғамдық және ғылыми ұйымдардың ұсыныстары ескеріле отырып әзірленді.

Ұсынылған басты қағида-тар, құндылықтар мен бағыттар негіздемелік сипатқа ие болып, мемлекеттік органдардың ішкі саясат саласындағы жұмысын ұйымдастыратын маңызды бағдарлар мен тәсілдерді нағыз анықтайды.

### 1-ТАРАУ. ІШКІ САЯСАТТЫҢ МАҚСАТЫ МЕН ҚАҒИДАТТАРЫ

#### 1. Ішкі саясаттың мақсаты

Ішкі саясаттың мақсаты – мемлекеттілігімізді және ел бірлігін нығайту, елді тұрақты дамыту үшін қоғамдық-саяси ахуалдың тұрақтылығын қамтамасыз ету.

Басты идея – баршаға бірдей мүмкіндік беретін ашық, қуатты және дамыған ел, жауапты әрі өркениетті қоғам – Әділетті Қазақстанды құру.

Оны жүйелі жүзеге асыру үшін ішкі

саясаттың «Заң мен тәртіп», «Халық үніне құлақ асатын мемлекет», «Әртүрлі көзқарас – біртұтас ұлт», «Күшті Президент – Ықпалды Парламент – Есеп беретін Үкімет», «Адал азамат», «Таза Қазақстан» сияқты қағида-тары қалыптастырылды.

Мемлекет құру ісінің осы әмбебап қағида-тары ауқымды қоғамдық диалог жағдайында ұлтты одан әрі ұйыстыруға бағытталған.

#### 2. Ішкі саясаттың қағида-тары

«Заң мен тәртіп» қағида-ты – құқықтық мемлекеттің іргетасы, азаматтардың қоғамдық және жеке қауіпсіздігін қамтамасыз ететін негізгі алғышарт.

Барша азаматтың заң алдында тең болуы, заң бұзған адамның жазасыз қалмауы, жоғары құқықтық мәдениет қоғамдағы әділеттіктің негізі әрі өлшемі саналады.

Іс жүзінде бұл қағида-тоттардың және құқық қорғау құрылымдарының тиімді жұмыс істеуі, цифрлық технологияларды, жасанды интеллектіні енгізу арқылы құқық қолдану тәжірибесін жетілдіру және құқық қорғау жүйесіне қоғамның сенімін арттыру жолымен жүзеге асады.

Зандылық пен тәртіпті қамтамасыз ету үшін мемлекеттік органдар мен азаматтардың күш-жігерін жұмылдыру қажет.

«Халық үніне құлақ асатын мемлекет»

қағида-ты

«Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағида-тының түпкі мәні – азаматтардың талап-тілегіне әділ және уақтылы ден қою, мемлекет пен қоғам арасында тұрақты әрі жүйелі диалог орнату.

Іс жүзінде бұл қағида-тот тікелей диалог, яғни мемлекеттік органдар басшыларының халықпен кездесуі, сарапшылардың пікірталас алаңы, өкілді және консультативтік-кеңесші органдар арқылы жүзеге асырылады. Сонымен қатар ашық үкімет порталы, «E-petition» онлайн-петициялар институты, азаматтар өтініш білдіретін «E-Otinish» порталы сияқты пәрменді цифрлық байланыс арналары іске қосылады.

Осындай ашық әрі нысаналы жұмыс мемлекеттік институттар мен қоғам арасындағы өзара сенімді нығайтуға мүмкіндік береді.

#### «Әртүрлі көзқарас – біртұтас ұлт» қағида-ты

«Әртүрлі көзқарас – біртұтас ұлт» қағида-ты барлық мемлекеттік шешімдер қоғамның пікірі ескеріле отырып, елдің мүддесі үшін инклюзивті тәсіл аясында қабылданады дегенді білдіреді.

Бұл қағида-тот азаматтардың референдум мен сайлауда дауыс беруі, диалог алаңдары мен консультативтік-кеңесші органдардың жұмысы, қоғамдық пікірді тұрақты зерделеу арқылы жүзеге асырылады.

Азаматтардың ортақ ұстанымына негізделген әділ әрі тиімді шешімдер мемлекеттіміздің демократиялық туғырын нығайтуға және елімізді орнықты дамытуға ықпал етеді.

#### «Күшті Президент – Ықпалды Парламент – Есеп беретін Үкімет» қағида-ты

«Күшті Президент – Ықпалды Парламент – Есеп беретін Үкімет» қағида-ты биліктің осы институттарының өзара үйлесімді әрекет жасайтынын білдіреді.

Президент институты – мемлекеттік басқару жүйесінің ең негізгі элементі және стратегиялық шешімдер қабылдау орталығы. Мемлекет басшысы реформалар жасау туралы бастама көтереді, мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттарын айқындайды.

Парламент азаматтардың мүддесін білдіре отырып, қоғамдағы өзекті мәселелердің кеңінен талқылануын қамтамасыз етеді және заңдар қабылдайды.

Жалғасы 6-бетте.

## ЖАҢА ОРМАН ӨРТ СӨНДІРУ СТАНЦИЯСЫ АШЫЛДЫ



12 қараша күні Булаев қаласында жаңа орман өрт сөндіру станциясы ашылды.

Айтулы оқиғаға аудан әкімі Рахат Смағұлов, облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының басшысы Ерболат Бек-

шенов, Булаев орман шаруашылығының орманшылары, қоғам өкілдері мен БАҚ қатысты.

Облыста алғашқы болып жаңадан ашылған орман өрт сөндіру станциясының құрылысы биылғы жылдың мамыр айында басталып,

қыркүйек айында аяқталды. Жоба құны - 214 млн. тенге. Бас мердігер - «Северное строительство» ЖШС.

Жаңа нысан – толық автономды. Ол болашақта орман алқаптарында орын алған өрттерді тез анықтап, өрт сөндіру жасағының лезде жетуіне септігін

тигізбек. Объектінде орман өрт сөндіру станциясының бастығы, екі өрт сөндіруші, бір кезекші трактор жұмыс істейтін болады.

Жалғасы 2-бетте.

# ЖАҢА ОРМАН ӨРТ СӨНДІРУ СТАНЦИЯСЫ АШЫЛДЫ



**Жалғасы, басы 1-бетте.**

Биыл Булаев орман шаруашылығы қосымша 3 шағын өрт сөндіру кешенімен, аспалы өрт сөндіргіштермен, радиостанциялармен, мотоциклдермен және басқа да жабдықтармен толығып отыр.

Аудан әкімі Рахат Смағұлов жиналған қауым алдында алғашқы болып сөз сөйлеп, өрт сөндірушілер мен барша жиналғандарды құрылысы аяқталып, пайдалануға беріліп отырған заманауи ғимараттың ашылуымен құттықтады.

- Ауданымызда жаңа орман өрт сөндіру станциясының ашылу рәсімі орман шаруашылығы қызметкерлерінің күніне орай ұйымдастырылып жатыр және экологиялық қауіпсіздік пен табиғатты қорғау ісінде маңызды қадам болып табылады.

Президент Қасым-Жомарт Тоқарев Қазақстанда қоршаған ортаны қорғауға, орман қорын сақтауға және молайтуға, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануға ерекше көңіл бөлісетінін атап өтті.

Мемлекет басшысының бастамасымен ағымдағы жылы «Таза Қазақстан» республикалық бағдарламасы аясында ауданда 53 мың көшет отырғызылды. Сондай-ақ, аудан әкімдігі биыл 100 мың көшет сатып алып, «Булаев орман шаруашылығы» КММ-не тапсырды.

Елді мекендерді абаттандыру, сондай-ақ ауылдардың кіре-берістерінің тартымдылығын арттыру мақсатында қазіргі уақытта ауылдық округтер мен Булаев қаласының әкімдері аудан аумағын көгалдандыруға арналған топырақты талдау және жер учаскелерін ресімдеу бойынша жұмыстар жүргізуде.

Біз жаңа орман өрт сөндіру станциясын салтанатты түрде аша отырып, оның құрылысы ауданның экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз

етуде маңызды қадам болды. Мемлекет басшысының бастамасы аясында «Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасы елімізде ауқымды көгалдандыруды белсенді түрде жалғастыруда, орман алқаптарының аумағы ұлғаяуда, жаңа орман белдеулері мен төлімбактар құрылууда.

Ауданның мемлекеттік орман қорының жалпы ауданы 88 мың гектарды құрайды. 56 орманшы еңбек етеді. Бұл назар аударуды, жүйелі жұмысты және жедел дайындықты қажет ететін үлкен аумақ. Жаңа станцияның құрылысы мемлекеттің экология және қоршаған ортаны қорғау саласындағы мақсатты саясатының арқасында мүмкін болды.

Заманауи инфрақұрылымды құру төтенше жағдайларға ден қою деңгейін едәуір арттыруға, орман шаруашылығының материалдық-техникалық базасын нығайтуға және қызметкерлер үшін қолайлы жағдай жасауға мүмкіндік береді, - деді аудан әкімі.

Аталған орман өрт сөндіру станциясы заманауи талапқа сай, ортқа қарсы қажетті құрал-жабдықтармен қатар, киімдер мен арнайы техникалармен қамтылған және штаттық бірліктер қарастырылған.

Облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының басшысы Ерболат Бекшеновтың айтуынша, бюджеттік қаражат есебінен салынған жаңа ғимаратта өрт сөндіру техникасы мен жеке құрамды орналастыру үшін барлық жағдай жасалған.

- Булаев қаласындағы жаңа орман өрт сөндіру станциясы облыстағы алғашқы нысан. Бұл өз кезегінде орманшылар мен өрт сөндіру командасының ыңғайлылығы үшін жұмыс жасауға қолайлы жағдайларды қамтамасыз етеді, санитарлық тораптар және демалыс бөлмесі бар.

Болашақта осындай жаңа заманауи орман өрт сөндіру станцияларын әр ауданда салуды жоспарлап отырмыз. Өздеріңіз көріп отырғандай, орман өртінің анықтау, алдын алу және жою үшін мұнда барлық қажетті техника мен құрал-жабдықтар бар. Штат бірлігі бөлінген.

Мемлекеттік қолдаудың арқасында жыл сайын орман шаруашылықтары жаңа техникалармен және құрал-саймандармен жарактандырылып, орман алқаптарын қорғауда жаңа техника мен технологиялар пайдалануда.

Бүгін ашылып отырған станция - мемлекет тарапынан көрсетілген қолдаудың айқын белгісі.

Табиғатқа жанашырлық - рухтың тазалығы. Орманды қорғау - елге деген сүйіспеншіліктің нышаны. Сондықтан орман шаруашылығы қызметкерлерінің еңбегі әрдайым биік бағалануы тиіс, - деді Ерболат Мұратұлы.

Содан кейін жиналған жұртшылық шағын өрт сөндіру кешенінің жабдықталуын көріп, орман өрт сөндіру станциясының ғимаратымен танысты.

Сонымен қатар, бұл күні аудан әкімдігінің отырыс залында орманшылардың төл мерекесіне арналған салтанатты іс-шара ұйымдастырылып, мереке иелеріне құрмет көрсетілді.

Аудан әкімі Рахат Смағұлов, облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының басшысы Ерболат Бекшенов Булаев орман шаруашылығының орманшыларына ізгі тілектерін арнап, орман шаруашылығы саласының үздік қызметкерлеріне Құрмет грамоталарын және Алғыс хаттарын табыс етті.

**Еркін ТӨЛЕГЕН.**  
Суреттерді түсірген автор.



## ӨНДІРІСТІ ДАМУ ТҮРІНДЕ - БАСТЫ БАСЫМДЫҚ

Жексенбі күні аудан әкімі Рахат Смағұлов Булаев қаласындағы «АгроТех Пролетарское» ЖШС барып, оның өндіріс қызметімен танысты.

Кәсіпорын қоспа жем, кебек және жемдік үн өндірумен айналысады.

Цехтың өндірістік қуаттылығы - сағатына 2 тонна жем өндіруді құрайды.

«АгроТех Пролетарское» ЖШС директоры Валерий Обухов өкімге цехты аралап, шаруашылық аумағын, өндірістік нысандар мен ауыл шаруашылығы техникаларын мен құрал-жабдықтарын көрсетті.

- Біздің жұмыс негізі жеке тапсырыстар бойынша іске асады. Бізде кез келген қоспа жем әзірлей аламыз. Әсіресе, көктем кезінде күс балапандары мен жануарлар төлдеріне сұраныс артады.

Ең алдымен экструдерге бидай, арпа, зығыр қалдықтары салынып, ішіндерісі

жоғары температурада құрама жемге айналады. Осылайша, жануарлар мен құстардың тұқымдық ерекшеліктеріне қарай түйіршіктендірілген түрдегі дорумендерді қосу арқылы малдарға азық әзірленеді, - дейді кәсіпорын басшысы.

Кездесу қорытындысы бойынша Рахат Смағұлов өндірістік қуаттылықты арттырудың, жаңа өткізу нарықтарын игерудің және кәсіпорынды одан әрі дамытудың маңыздылығын атап өтті.

Сондай-ақ ол өңдеу саласындағы кәсіпорындарды қолдау ауданның аграрлық секторын дамыту мен жаңа жұмыс орындарын ашуға маңызды рөл атқаратынын атап өтті.

Аудан әкімінің баспасөз қызметі.

# БАРЛЫҚ ДЕҢГЕЙДЕГІ ӘКІМДЕРДІҢ ФОРУМЫ ӨТТІ

Сондай-ақ аталмыш іс-шараға аудан әкімі Рахат Смағұлов бастаған Мағжан Жұмабаев ауданының делегациясы, соның ішінде ауылдық округ әкімдері мен полицияның учаскелік инспекторлары қатысты.

Президент өз Жолдауында өңірлерді және ауылдық аумақтарды дамыту қажеттілігін ерекше атап өтті. Әрбір өкімнің бастамашылдығы мен жауапкершілігі мемлекеттік бағдарламаларды тиімді жүзеге асыруға, жұмыс орындарын құруға және инфрақұрылымды дамытуға тікелей әсер етеді.

Бүгінде сайланған өкімдер институты өз тиімділігін дәлелдеді. Ауылдық өкімдердің 60%-ы, аудандық және қалалық өкімдердің 28%-ы жанарды. Бұл өңірді дамытуға жана серпін беріп, жергілікті басқарудың сапасын арттырады.

Өңір тұрғындарының жартысы ауылдық жерлерде тұрады.

Халықтың өмір сүрі сапасын жақсарту үшін жағдайлар жасалуда: жолдар жөнделіп, сумен жабдықтау жүйесі жанартылуда, әлеуметтік нысандар салу жұмыстары жүргізілуде.

Облыста жана жобалар іске асырылып келеді: зауыттар, сүт фермалары, өңдеу кәсіпорындары



Петропавл қаласындағы Оқушылар сарайында өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі бағыттары, мемлекеттік бағдарламаларын іске асырылуы және алдағы кезеңдегі міндеттер талқыланған барлық деңгейдегі әкімдердің форумы өтті. Іс-шараға облыс әкімі Фауез Нұрмұхамбетов, облыстық басқармалар басшылары, аудан және ауылдық округ әкімдері, мемлекеттік органдар мен қоғам өкілдері қатысты.

салынып, арнайы экономикалық аймақтар ашылууда.

Негізгі мақсат - инвестиция тарту және өндірісті жаңғырту арқылы ауыл өмірін жақсарту. Цифрландыруға ерекше көңіл

бөліп келеміз. Шал ақын ауданында еліміздегі алғашқы аудандық IT-орталығы ашылды. Бұл тәжірибе басқа аудандарда жалғасын табады.

Кәсіпкерлердің әлеуметтік жауапкершілігі де ерекше маңызды. Аграрилеріміз өндірісті дамытуымен қатар, әлеуметтік нысандар салып, ауылдарды абаттандырып, тұрғындардың өмір сапасын арттыруға нақты үлес қосуға. Бұл тәжірибені барлық өкімдер жалғастырылуы тиіс.

Біздің негізгі мақсатымыз - Мемлекет басшысы айқындаған міндеттерді орындап, халықтың өмір сүру сапасын арттыру және облыстың тұрақты дамуын қамтамасыз ету, - деді облыс әкімі Фауез Нұрмұхамбетов.

Форум барысында қатысушылар өзара жұмыс тәжірибелерімен ой бөлісіп, жүйелі сипаттағы мәселелерді, өзекті проблемалар мен оларды шешу жолдарын талқылады.

Алқалы жиын қорытындысы бойынша барлық деңгейдегі өкімдерге мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру, инфрақұрылымды дамыту, жұмыспен қамтуды арттыру және ауылдық аумақтарды цифрландыру бойынша нақты тапсырмалар берілді.

## МӘСЛИХАТ

### КЕЗЕКТІ СЕССИЯ

11 қараша аудан әкімі аппаратының мәжіліс залында Мағжан Жұмабаев ауданы мәслихатының сегізінші шақырылымының отыз екінші сессиясы өтіп, оған аудан әкімі Рахат Смағұлов, Булаев қаласы мен ауылдық округтердің әкімдері, мемлекеттік органдардың басшылары, қоғамдық бірлестіктер мен ұйымдардың өкілдері қатысты.

Алғашқы сұрақ бойынша экономика және қаржы бөлімінің басшысы Азамат Қыраубаев сөз сөйлеп, Мағжан Жұмабаев ауданының, ауылдық округтердің және Булаев қаласының 2025-2027 жылдарға арналған бюджеттеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы баяндады.

Екінші мәселе бойынша Мәдениет және спорт бөлімінің басшысы Азамат Қыраубаев сөз сөйлеп, Мағжан Жұмабаев ауданының 2025-2027 жылдарға арналған бюджеттеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы баяндады.

Алғашқы сұрақ бойынша экономика және қаржы бөлімінің басшысы Азамат Қыраубаев сөз сөйлеп, Мағжан Жұмабаев ауданының, ауылдық округтердің және Булаев қаласының 2025-2027 жылдарға арналған бюджеттеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы баяндады.

Екінші мәселе бойынша Мәдениет және спорт бөлімінің басшысы Азамат Қыраубаев сөз сөйлеп, Мағжан Жұмабаев ауданының 2025-2027 жылдарға арналған бюджеттеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы баяндады.



## ЖӘРМЕҢКЕ – ҚАЛА ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ КӨҢІЛІНЕН ШЫҚТЫ

9 қараша күні Булаев қаласында тұрғындар үшін кезекті ауыл шаруашылығы жәрмеңкесі ұйымдастырылды.

Жәрмеңкеде барлық 17 ауылдық округтердің, жеке кәсіпкерлердің азық-түлік тауарлары - сүт (сүт, қаймақ, ірімшік, май және т.б.) және ет (жылқы, сиыр, қой, шошқа, құс) өнімдері, бал, қартоп, көкөністер, сондай-ақ Петропавл қаласындағы «Солтүстік» ӘКК жармалар, ұн және жұмыртқа сияқты өнімдері ұсынылды.

Бұдан бөлек, мал азығы (жем), отын, шөп және басқа да ауыл шаруашылығына арналған тауарлар сатылды.

Іс-шараға аудан әкімі Рахат Смағұлов қатысып, тауар түрлерімен танысып, кәсіпкерлермен және тұрғындармен әңгімелесті.

Аудандық Мәдениет үйінің қызметкерлері барлық қонақтарға көтеріңкі көңіл-күй сыйлап, жылы әрі мерекелік атмосфера қалыптастырған концерттік бағдарламасын дайындады.

Аудан тұрғындары жәрмеңкенің жоғары деңгейде өткенін атап өтіп, ұйымдастырушыларға өнімдердің қолжетімді әрі төмендетілген бағамен сатылғаны үшін алғыстарын білдірді.

Еркін ТӨЛЕГЕН.



16 ҚАРАША - АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КҮНІ

# МАЙТАЛМАН МЕХАНИЗАТОР

Қазақстанда қарашаның үшінші жексенбісі ауыл шаруашылығының қызметкерлері күні деп атап өтіледі. Осы ұғымды, агробиоәлеуметтік кәсіптің жоғары жетістіктері асінді; және мал шаруашылығы, тамақ және қайта өңдеу өнеркәсібі қызметкерлерінің, ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының басшылары мен мамандарының, агрария ғалымдардың күнделікті еңбегімен құрылатынын ұмытпаймыз. Ол жерін шын жүрегімен жақсы көретін және өз жұмысына берілген абыл сәні жетістікке жете алады. Соңында ауыл еңбеккерінің бірі - Рустам Атымтаев. Ол «ӘЖ Агр 2050» ЖШС-інің механизаторы.



Рустам Бағытпекұлы 1982 жылы 1 қазанда Солтүстік Қазақстан облысы Возвышен ауданы Молодогвардейское ауылында дүниеге келген. 1987 жылы оның жанұясы Селекті ауылына көшіп келеді. Ол осы ауылдағы орта мектепте білім алып, 9-шы сыныпты бітіреді.

1997 жылы отбасы Советское ауылына қоныс аударып, келесі жылы Рустам Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің қатарына шақырылып, Отан алдындағы борышын өтейді.

Әскерден аман-есен оралған соң, жас жігіт қол қусырып отырмай, ауылда ет комбинатында газ-электрденекерлеуші болып еңбек жолын бастап кетеді.

2004 жылы Рустам болашақ жары Әлиямен шаңырақ құрады. Қазір бірлігі жарасқан ерлі-зайыптылар бір қыз, екі үл тәрбиелеп отыр. Үйдің үлкені - Диана биыл Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетін тәмамдап, тұрмыс құрып үлгерген. Қазір ата-анасына жиен сыйлап, қуанып отырған жайы бар.

Екінші бала - Дамир Петропавл қаласындағы медициналық колледждің 2-ші курс студенті. Ал шаңырақтың кенжесі - Дулат Советское орта мектебінде 5-ші сыныпта оқиды.

Отасы - Рустам Бағытпекұлы егіс алқабында механизатор болып еңбек етсе, отанасы Әлия Әбдіәзізқызы - Совет орта мектебі жанындағы интернат пен шағын орталықта шаруашылық меңгерушісі болып жұмыс істейді.

Ауылда тұрып, адал еңбек етіп отырған осындай Атымтаевтар сияқты отбасылар шынында да мемлекет тірегі. Олар «Адал еңбек - Адал табыс»

қағидасына толық сәйкес келеді. Президент «Мемлекет адал еңбегімен тұрмысын жақсартуға дайын жандарға ерқашан қолдау көрсетеді. Сондықтан 2025 жылды Жұмысшы мамандықтар жылы деп жарияладым», - деп айтқан болатын.

Басты кейіпкеріміз Рустам Атымтаев 2007 жылы механизаторлар курсына оқып, «СК Агр 2050» ЖШС тракторшы болып жұмысқа ауысады. Оның айтуынша, көп жылдар бойы жүргізуші, кейін тракторшы, комбайншы болған әкесі Бағытпек Сайранұлының көп жылғы адал еңбегі оған балалық шақта үлкен әсер еткен.

Кез келген техниканың тілін жетік меңгеріп, озат механизатор атанып, жастарға үлгі-өнеге болған әкесі Рустамды бала күнінен еңбекке тартып, дәнекерлеу ісін қыр-сырын үйретіп, жоғары сыныптарда әртүрлі техника басқаруға баулыған. Кейіпкеріміздің болашақ мамандығына қызығушылық та сол кезде басталған көрінеді.

Содан әкесінің еселі еңбегі болашақ ұрпаққа үлгі болғаны осыдан байқалады. -Мен әкемнен көп үлгі алдым. Ол кісілер күні-түні, қысы-жазы еңбекте болатын. Демалыс және жаз уақытында жанында жүретінмін. Сондықтан техникаға жақын болып өстім.

Біздің мамандықты бүгінгі жастар ұната бермейді. Десе де біз жастық шағымызда тәрбиенің әсерімен осы саланы игердік. Мен атақ-даңқ үшін емес, отбасымның алдындағы жауапкершілігі үшін адал еңбек етіп келемін. Өзімнен кейінгіге үнемі адал нәрсеңіз берекесі болып» деп айтып отырамын. Осылай ел

үшін жасаған еңбегіміздің арқасында шаруашылық та дамып, отбасым да өркендеп жатыр, - дейді озат еңбеккер.

Жер-Ана еңбек еткен адамнан несібесін аймайды. Бұл сөз дәл бүгінгі майталман механизатор Рустам Атымтаевқа қаратылып айтылғандай. Себебі, орақ науқаны басталғаннан бері тынымсыз еңбек етіп, айтарлықтай табысқа кенеліп отыр.

Мәселен, Рустам Бағытпекұлы «Case 61140» комбайнымен егістік алқабында аянбай жүйткіп, ең көп астық жинаған диканыш атанып отыр. Оның көрсеткіші - 7888,92 тонна астық. Қазір ол жүгері оруға кірісіп жатқанын жеткізді. Бір сөзбен айтқанда, ауыл еңбеккерлері қар түскенше тыным таппайды.

Иә, әрекет бар жерде, бәрекет қашық емес. Қашаннан да солай. Дегенмен, нарықтық қатынас барысында күнбе-күн ізденіп, еселі еңбек етіп, табысқа жете алмасын анық.

Сондықтан болар, жалпы жұртыңды құрметтеу - туған өлкеңнің тарихын танудан, адамдарын ардақтаудан басталады. Олай болса, еңбек адамының біз білмейтін елеулі еңбегін оқырмандарға жеткізу - бүгінгі өлі-мақсатымыз болды. Қазіргі жастар осындай еңбекшілерден үлгі алса, туған жеріне тер төксе, ауылымыз көркейіп, әлеуеті артып, халқымыз өлденіп жатар еді.

Еңдеше, ауыл шаруашылығы саласында аянбай еңбек етіп жатқан барша мағжандықтарды төл мерекелерімен құттықтап, мықты денсаулық, мол табыс, отбасыларына амандық пен бақ-бәреке тілейміз.

Еркін ТӨЛЕГЕН.

13 ҚАРАША - ДҮНИЕЖҮЗІЛІК САПА КҮНІ

Дүниежүзілік Сапа күні - қарашаның екінші бейсенбінде әлемнің көптеген елдерінде өткізілетін жыл сайынғы іс-шара. Бұл күнді құрудың бастамашысы Еуропалық сапа ұйымы.

# САПА – ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫҢ НЕГІЗІ



Дүниежүзілік сапа күнінің басты міндеті - әлемдік нарықта ұсынылған қызметтер мен өндірілетін өнімдердің жоғары сапасының маңыздылығын арттыру болып табылады.

Мерекенің негізгі мақсаттарының бірі - тауарлар мен қызметтердің сапа деңгейіне байланысты мәселелерге назар аударуға ықпал ететін қызметті күшейту және ілгерілету.

Тауарларға сәйкес келетін бірінші критерий - бұл адамдар мен қоршаған ортаның қауіпсіздігі, екіншісі - олар тұтынушылардың мәлімделген нормаларына, сұраныстары мен үміттеріне жауап беруі керек.

Сапа ұғымы қазіргі өркениеттің пайдасы деп атайтын нәрсемен, өмір сапасымен тығыз байланысты - бұл қоршаған ортаны сақтау, адамның физикалық денсаулығы мен психологиялық жайлылығы.

Мысалы, біздің денсаулығымыз тамақ пен судың сапасына байланысты. Біздің еліміздің халқы, әлемнің басқа елдері сияқты, тек сапалы тауарларды сатып ала алуы керек.

Сапа саласындағы мемлекеттік саясаттың мақсаты - Қазақстан экономикасының орнықты дамуы, халықтың көбірек жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету, әлеуметтік проблемаларды шешу және, сайып келгенде, азаматтардың өмір сүру сапасын арттыру үшін ішкі және сыртқы нарықтарда отандық өнімдер мен қызметтердің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету болып табылады.

Біздің мемлекет жосықсыз өндірушілермен күресу үшін көп нәрсе жасайды. Тауарлар олардың қолданыстағы МЕМС, ҚР СТ және басқа да нормативтерге сәйкестігіне тексеріледі. Өзіндік сапасыз тауарлардан қорғау үшін ақпарат пен сапаны бақылау қажет. Ең алдымен, сатып алушылар сапалы өнімді жалғандықтан қалай ажыратуға болатындығын, өнімнің сапасын қандай параметрлер бойынша бағалауға болатындығын білуі керек.

Жыл сайын Қазақстан Республикасында түрлі конкурстар өткізіледі, онда қазақстандық тауарлар мен қызметтердің үздік үлгілері қойылады. Мысалы, Қазақстан Республикасы Президентінің «Алтын Сапа», «Қазақстанның үздік тауары» және т.б. сыйлығын алуға арналған конкурстар жұмыс істейді.

Қазіргі жағдайда сапа үшін күресу керек. Мұны тұтынушылар ғана емес, өндірушілер де жасауы керек. Өйткені, өнімнің жоғары сапасы ғана компанияларға біздің нарықтағы ең қатал бәсекелестікке төтеп беруіне көмектеседі.

Дүниежүзілік Сапа күні қарсаңында жұмысты ұйымдастыратын, сапаға қатысы бар барлық адамдарды құттықтаймыз.

Сапаны жүйелі түрде жақсарту арқылы тұтынушылардың өсіп келе жатқан қажеттіліктерін қанағаттандыру кәсіпкерлік субъектісінің экономикалық өсуінің негізі болып табылады, өйткені қазіргі жағдайда сапа кез-келген кәсіпорынның, кез-келген саланың және, әрине, әр елдің қызметіндегі сәттіліктің кепілі болып табылады.

Екатерина ПАРШИНА,  
ҚР СИМ Техникалық реттеу және метрология Комитетінің СҚО бойынша департаментінің бас маманы - СҚО мемлекеттік бақылау және қадағалау хөніндегі мемлекеттік инспекторы.

15 ҚАРАША - ҚР ҚАРЖЫ ЖҮЙЕСІ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КҮНІ

Қарашаның айының 15-і күні - Қаржы жүйесінің қызметкерлері төл мерекелерін атап өтеді. Қазақстанның қаржы жүйесі 1921 жылы құрылды, демек, бұл саладағы жұмыстың басталғанына бір ғасырдың жүзі болыпты. Ал Пәтуелсіздіктің алғашқы жылдары елдің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін тиімді қаржы жүйесі құрылды.

# ҚАРЖЫГЕРЛЕРДІҢ ЕҢБЕГІ ЕРЕКШЕ



Қаржы саласы қызметкерлеріне мемлекет тарапынан көңіл бөлініп, кәсіби мерекелік күн белгіленіп, мән берілуі бекерден бекер емес. Өйткені елдің экономикалық міндеттерін жүзеге асыруға қаржы секторының алар орны ерекше. Сондықтан болар, еліміздің экономикалық қуатын еселеп, тұрғындардың әлеуметтік жағдайын арттыру қаржы саласындағы жемісті еңбекпен тікелей байланысты.

Шынымен де, халыққа қаржы мәселесі бойынша қызмет көрсету жауапкершілікті

талап ететін ауқымды жұмыс. Бұл салада қиыс көтуге немесе қателесуге мүлдем болмайды. Себебі, олар бюджет түсімімен немесе қаражаттың игерілуімен айналысу арқылы мемлекет шаруаарының уығын ұстап тұр.

Ауданның экономика және қаржы бөлімі аудан бюджетін қалыптастырауға, мемлекеттік қаржыны және коммуналдық меншікті басқаруға, мемлекеттік саясаттың мақсаттары мен басымдықтарын айқындауға атсалысады. Бұл салада қажырлы еңбек етіп

жүрген қызметкерлер ауданымыздың бюджеттік мәселесін, шығындардың мақсатты және уақытылы игерілуін, кірістердің жоспарға сай орындалуын қадағалайды.

Бөлімде 10 мемлекеттік қызметші, 1 азаматтық қызметкер еңбек етеді. Одан қалды, әр мемлекеттік мекемелер мен ұйымдарда, жеке кәсіпорындарда, қазынашылық органы мен банктерде есепшілер мен қаржыгерлер, ауылдық округтерде бас маман-бухгалтерлер абыройлы қызмет етіп келеді.

Бүгінгі таңдағы ауданның жеткен жетістіктеріне барлық қаржы саласы қызметкерлерінің қосқан үлесі зор. Сондықтан Сіздердің еселі еңбектеріңіз бен білімдеріңіздің, біліктіліктеріңіздің арқасында біздің өңіріміздің экономикасы қарқынды дамып келе жатқан аудандардың қатарына көрінуде.

Осыған орай, қаржы жүйесінің барлық қызметкерлерін кәсіби мереке - қаржыгер күнімен шын жүректен құттықтаймын. Ауданның экономикалық тұрақтылығы мен дамуы аталмыш орган қызметкерлерінің кәсіпқойлығына, жауапкершілігіне, адалдығына, алға қойған күрделі міндеттерді жүзеге асыруға деген талпыныстарына байланысты. Еңдеше, барша әріптестеріме, жемісті жұмыс, мақсатқа жетуде шыдамдылық пен бағыттық, мықты денсаулық тілеймін!

Азамат ҚЫРАУБАЕВ,  
экономика және қаржы бөлімінің басшысы.

14 ҚАРАША - АУДАНДЫҚ АРХИВТІҢ ҚҰРЫЛҒАНЫНА 36 ЖЫЛ

## АУДАНДЫҚ АРХИВ - ТАРИХ АЙНАСЫ

2025 жылдың 14 қарашасында Мағжан Жұмабаев аудандық мұрағатының құрылғанына 36 жыл толады. Бұл өзін игі іске арнаған кез келген адам үшін - деректі мұраны, туған өлке тарихының айғақтарын, адамдардың және бүкіл ұрпақтың тағдырын сақтауға арналған ерекше күн.

Архив тарихы 1989 жылы 14 қарашада Булаев аудандық қатары комитетінің №206 шешімімен Булаев аудандық халық депутаттары Кеңесінің Атқару Комитеті жанынан ведомстволарлық мұрағат құрылған кезде басталды. 1996 жылы мекеме мемлекеттік мұрағат мәртебесін алды, ал Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің 2000 жылғы 23 қарашадағы Жарлығына сәйкес аудан атауы өзгертілгеннен кейін мұрағат «Мағжан Жұмабаев ауданының мұрағаты» ММ ретінде қайта тіркелді.

Ал 2020 жылдың шілде айынан бастап мекеме «СҚО әкімдігі мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының Солтүстік Қазақстан мемлекеттік мұрағаты» КММ Мағжан Жұмабаев ауданының филиалы деп аталады.

Бүгінде аудан мұрағаты құжаттарды сақтау орны ғана емес, бұл мыңдаған беттерде, фотосуреттерде және ауданның дамуы, адамдар мен оқиғалар туралы баяндайтын ресми құжаттарда сақталған.

Бүгінгі таңда есепте 91 872 сақтау бірлігі бар 252 қор бар, оның ішінде 25 жеке қор (165 сақтау бірлігі), сондай-ақ 222 фотоқұжат.

Ең алғашқы материалдар 1921 жылдан басталады және олар бір ғасырдан астам уақыт бойы ауданның өмірі мен дамуы туралы



*Халық пен ел тарихындағы құнды жазба деректерді жинастырып сақтау ісіне әуелгі замандардан бері мемлекеттік деңгейде мән беріліп келеді. Қазір де архивтерде мәңгілікке сақталатын тарихи деректер – мемлекеттің ішкі-сыртқы жағдайы, саяси-идеологиялық қатынастары туралы құжаттар ұлттың байлығын бір бөлігі ретінде қорғалады. Қазақстанның мемлекеттік архивтері де ел тарихының елеулі кезеңдеріне, тарих пен мәдениеттің деректі ескерткіштеріне, сондай-ақ белгілі тұлғалардың өмірі мен қызметіне қатысты жасайтын жинақталып отыр.*

шынайы дәлелдерді ұсынады. Мағжан Жұмабаев ауданы мұрағатының барлық ұжымы мұрағаттық құжаттарды сақтауда үлкен рөл атқарады. Әрбір қызметкер жалпы іске — аудан мен бүкіл ел үшін тарихи құндылығы бар мұрағаттық құжаттардың сақталуын және жүйеленуін қамтамасыз етуге өзінің елеулі үлесін қосуда.

С.Ю. Гринкова, М.С. Чебура-

ева, К.К. Манглибаев сияқты мұрағатшылардың, сондай-ақ 2003 жылдан бері осында жұмыс істеп келе жатқан жоғары санатты мұрағатшы Т.А. Макарованың жауапты және кәсіби еңбегінің арқасында мұрағат қызметі өзінің маңызды миссиясын - өткеннің құжаттық куәліктерін сақтау, өңдеу және келесі ұрпаққа беру міндетін ойғағдайы атқарып келеді. Әрбір мұрағатшы

мемлекеттік сақтаудағы ұлттық мұрағат қорының сақталуын қамтамасыз ету үшін аянбай еңбек етуде. Мұрағат әлеуметтік-құқықтық мәселелер бойынша азаматтар мен ұйымдардың сұрау салуларын орындайды: - архивтік анықтамалар мен құжаттардың көшірмелерін ұсынады; - құжаттарды ғылыми-техника-

лық өңдеуді, олардың физикалық жағдайын жақсартуды, өшіп қалған мәтіндерді қалпына келтіруді, картондауды жүргізеді; - аудан мекемелеріне істер номенклатурасын жетілдіруде әдістемелік көмек көрсетеді; - үнемі семинарлар, көрмелер мен экскурсиялар өткізеді, аудандық «Мағжан жұлдызы» мен «Вести» газеттерінде мақалалар жариялайды; - мерейтойлық күндерге ақпараттық хаттар дайындайды, қарт адамдарға көмек көрсетеді, аудандық іс-шаралар мен сөнбіліктерге қатысады; - «Facebook» және «Instagram» әлеуметтік желілерінде өз жұмысы мен мұрағат ісінің маңыздылығы туралы белсенді түрде баяндайды.

Кәсіби шеберліктің, адалдықтың және әр құжатқа мұқият қараудың арқасында мұрағат қызметкерлері өздерінен бұрынғылардың дәстүрлерін лайықты түрде жалғастыруда. Олардың иығында тарихи-мәдени мұраны сақтау және оны болашақ ұрпаққа беру сияқты үлкен миссия жатыр. Өйткені, архивтерде - халықтың жады, оның тарихы мен тағдыры сақталған. Ендеше, сала қызметкерлері мен ардагерлерін осы айтулы күнмен құттықтап, аудандық архив - қоғамның игілігіне, Отанымыздың тарихын сақтауға және өркендеуіне қызмет ете берсін деймін!

**Төлеген ӘБИЛМӘЖІНОВ,**  
«СҚО әкімдігі мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының Солтүстік Қазақстан мемлекеттік мұрағаты» КММ Мағжан Жұмабаев ауданы филиалының директоры.

СПОРТ

## ВОЛЕЙБОЛ БОЙЫНША АУДАНДЫҚ ТУРНИР



Мағжан Жұмабаев ауданының дене шынықтыру және спорт бөлімі мен балалар-жасөспірімдер спорт мектебі мұндай болған дәстүрлі жарысқа 4 команда қатысып, бақ сынады.

Жарыс алдында спорт ардагерінің қызы Татьяна Владимировна, аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Қанат Мұсатаев сөз сөйлеп, ауданда волейболдың дамуына зор үлес қосқан жаттықтырушының еңбегін атап өтті.

Қызықты әрі тартысты өткен турнирдің қорытындысы бойынша Лебяжье ауылдық округінің командасы жеңіске жетіп, жеңімпаз атанды.

Екінші орынды Булаев қаласының командасы иеленсе, жүлдегі үшінші орынға аудандық балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің тәрбиеленушілері жайғасты.

Барлық жеңімпаздар мен жүлдегерлер кубоктармен, медальдармен және дипломдармен марапатталды.

Сондай-ақ жарысқа төрелік еткен БЖСМ волейбол бойынша жаттықтырушысы

Өткен жексенбі күні Батыр Баян атындағы мектеп-гимназиясының спорт залында талантты бапкер Владимир Гельмундович Гонтнерді еске алуға арналған волейбол бойынша аудандық турнир ұйымдастырылды.

Сергей Кузьминге, әр команданың үздік ойыншысына, ең жас және ең тәжірибелі ойыншыға арнайы сыйлықтар табыс етіліп, волейбол ойының мәртебесі және спорт ардагері - Владимир Гонтнердің есімі асқақталды.

В.Г. Гонтнер – 1954 жылы 15 қараша күні СҚО Красноперовка ауылында дүниеге келген. Кейін оның отбасы Полудин ауылына көшіп келген. Ол ауылдағы орта мектепті бітірген соң, Есікөл қаласындағы педагогикалық училищесін дене шынықтыру пәнінің мұғалімі мамандығы бойынша тәмамдаған.

Әскери қызметтен кейін Фурманов орта мектебінде дене шынықтыру пәнінің мұғалімі және волейбол жаттықтырушысы болып еңбек жолын бастаған. Кейін ол Полудино ауылына көшіп, кеңешарда спорт әдіскері лауазымын атқарды. 1981 жылы

Полудино ауылында өткен «Ақ бидай» аудандық жазғы спорт мерекесінің басты ұйымдастырушысы болды.

БЖСМ жаттықтырушысы болып жұмыс істеген жылдары Владимир Гонтнердің тәрбиеленушілері облыс пен республика чемпионоларының бірнеше дүркін чемпионы және жүлдегері (Ютнер Екатерина мен Валуцкая Александра спорт шеберіне кандидаттар және Қазақстан Республикасының бірнеше дүркін чемпионы болып табылады) атанған. Владимир Гельмундовичтің жетекшілігімен біздің аудан құрамасының қыздар командасы көптеген жылдар бойы БЖСМ тәрбиеленушілері және «Жастар» мектеп спортқадамының оқушылары (2013-2020 жылдары аралығында) арасында облыс чемпионы атағын лайықты түрде қорғады. 1982 жылдан 2003 жылға дейін Влади-

мир Гонтнер Булаев ауданының волейболдан ерлер құрамасының тұрақты капитаны және бапкері болды. Оның басшылығымен біздің волейболшылар жыл сайын облыстық жарыстардың жүлдегерлері атанды. Владимир Гельмундович көптеген жауапты лауазымдарда еңбек еткен. Мәселен, ол Полудин балалар үйінің директоры, Полудин ауылдық округінің әкімі, аудандық мәслихаттың төрағасы, Полудин ауылдық Мәдениет үйінің директоры болды.

Өкінішке орай, Владимир Гонтнер 2021 жылы мезгілсіз дүниеден өтті, бірақ аудан тұрғындары, әсіресе, спорт саласының қызметкерлері абыройлы әріптесін құрметтеп, үнемі еске алып отырады. Ол қай лауазымда және қай қызметте болмасын, арқандар тұрғындар арасында салуатты өмір салтын насихаттап, жастарды спортпен шұғылдануға дөріптеген тұлға.

**Владимир КҮРИШКО,**  
БЖСМ басшысының орынбасары.

# ҚР ІШКІ САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАРЫ, ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ МЕН БАҒЫТТАРЫ БЕКІТІЛДІ

## Жалғасы, басы 1-бетте.

Үкімет атқарушы органдар жүйесін басқарып, реформалардың тиімді іске асырылуына жауапты болады.

Бұл басқару моделі билік тармақтары арасындағы оңтайлы теле-тендік сақталған әділ мемлекеттік құрылымның жаңа институционалдық дизайнның қалыптастырады.

### «Адал азамат» қағидаты

«Адал азамат» азаматтардың мінез-құлқы мен жүріс-тұрысының озық үлгісін қалыптастыруды және оны қоғамда орнықтыруды көздейтін қағидат. «Адал азамат» – заңды сыйлайтын, білімді, отанын, жауапкершілікті сезінетін, саламатты өмір салтын ұстанатын, әділ еңбегімен табысқа жетіп, қоғамда сый-құрметке бөленетін азамат.

Іс жүзінде бұл қағидат білім беру мекемелеріндегі оқу-тәрбие үдерісі, ауқымды ағарту жұмысы, мәдени-гуманитарлық жобалар, заңнамалық бастамалар, сондай-ақ саламатты өмір салтын дәртіптеу арқылы жүзеге асырылады.

«Адал азамат» қағидаты озық және әділетті қоғамның негізі болатын құндылықтар мен идеалдарды айқындайды.

### «Таза Қазақстан» қағидаты

«Таза Қазақстан» қағидаты барша азаматқа ортақ жасампаз ой-сана жүйесін қалыптастырады.

Тазалық мен тәртіпті сақтау, тарихи-мәдени мұраны қорғау, табиғатты аялау ұлттық мінезді ажырамас сипаты болуға тиіс.

Бұл қағидат іс жүзінде калалар мен ауылдарды абаттандыру, көгалдандыру және тазарту, экологиялық ортаны жақсарту, вандализм мен мәдениетсіздікке қарсы күрес ісінде мемлекет пен қоғамның күш-жігерін біріктіретін «Таза Қазақстан» жалпыұлттық жобасы аясында іске асырылады.

«Таза Қазақстан» – азаматтардың жауапкершілігін арттыру түйетін және қоғамда жаңа этика қалыптастыратын қағидат.

Осылайша, ішкі саясаттың бұл қағидаттары мемлекеттік құрылыстың бірыңғай бағдарларын айқындайды.

«Заң мен тәртіп» – құқықтық мемлекеттің негізі.

«Халық үніне құлақ асатын мемлекет» – өзара іс-қимыл құралы.

«Өртүрлі көзқарас – біртұтас ұлт» – өзара түсіністік орнату жолы.

«Қуш Президент – ықпалды Парламент – Есеп беретін Үкімет» – басқару үлгісі.

«Адал азамат» – ойлау пайымы.

«Таза Қазақстан» – мінез-құлқы пен жүріс-тұрыс этикасы.

Бұл қағидаттарды барлығы Қазақстан қоғамынан таң өмір салтының және ел болашағының беінесі – Әділетті Қазақстанның бірыңғай формуласын құрайды.

Әділетті Қазақстан – заң үстемдігі берік орнаған, демократиялық институттары мықты дамыған және азаматтардың конституциялық құқығы мен бостандығы мүлтіксіз қорғалатын мемлекет.

Әділетті Қазақстан – елдің дамуына елеулі үлес қосатын жауапты әрі еңбекқор азаматтар қоғамы. Бұл – тарихи тұғырына нық орнығып, алға ұмтылған озық ойлы қоғам. Қазақстан болашақта технологиялық тұрғыдан дамыған ел болуды көздейді.

Әділетті Қазақстан – жайлы өмір сүру, қызмет бабында өсу және бизнес жүргізу үшін баршаға бірдей мүмкіндік беретін мемлекет. Бұл экономикасы барлығы жағынан инновацияға, ауқымды цифрландыру үдерісіне негізделген және жасанды интеллект технологиясы жаппай енгізіліп жатқан, қарқынды дамитын ел. Бұл – азаматтардың әл-ауқаты мен тіршілігі саласын арттыруға басты басымдық беретін мемлекет.

Әділетті Қазақстан – инвестиция мен адам капиталын тартатын өңірлік орталық. Оның ұлттық мүдделерін ойдағыдай ілгерілетіп, әділ әрі орынқты әлемдік тәртіптің қалыптасуын қолдайтын орта держава.

### 2-ТАРАУ. ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ЖӘНЕ НЫШАНДАР

#### 1. Жалпыұлттық құндылықтар

Кез келген қоғамда адамдар арасындағы және әлеуметтік ортадағы қарым-қатынас қашанда белгілі бір ортақ құндылықтарға негізделеді.

Осы мақсатта Ұлттық құрылтай мүшелері тәуелсіздік пен отаншылдық, бірлік пен ынтымақ, әділдік пен жауапкершілік, заң мен тәртіп, еңбекқорлық пен кәсіби біліктілік, жасампаздық пен жаңашылдық сияқты негізгі жалпыұлттық құндылықтардың тізбесін жасау туралы бастама көтерді. Саралшылар мен азаматтардың ұсыныстарына, қоғам пікірін жүйелі зерделеу қорытындысына, панаралық тәртіптеу негізделген осы тізбеде дәстүрлі, жалпы адамзатқа ортақ және заманауи құндылықтар үйлесім тапқан.

Бұл құндылықтар жүйесі саяси және идеологиялық көзқарасына, экономикалық және мәдени факторларға, әлеуметтік мәртебесіне қарамастан, Қазақстанның барша азаматына ортақ.

Қоғамдағы әмбебап құндылықтар жүйесі – ішкі саясат саласындағы жұмыстың негізі.

#### Тәуелсіздік және отаншылдық

Қазақстанның тәуелсіздігі – ішкі және сыртқы мәселелерді өзiмiз дербес шешу мүмкіндігімізді көрсететін құндылық. Бұл – ел бірлігімізді және мемлекетіміздің қастерлі нышаны, оның маң-маңызын Президентіміз «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» деген бірауыз

сөзбен айқындап берді.

Қазақстандық патриотизм мемлекетке, оның рәміздері мен ұлттық мәдениетіне құрметпен қарау, еліміздің тарихи және рухани құндылықтарын қадірлеу, Отанымыздың бүгін мен болашағына жауапкершіліктен қарау деген мағынаны білдіреді. Азаматтардың отаншылдық қасиеті еліміздегі әлеуметтік-экономикалық және мәдени үдерістерге белсене атсалысу, Қазақстанның жалпыұлттық құндылықтарын ұстану арқылы көрініс табуға тиіс.

Тәуелсіздік пен отаншылдық бір-бірінен ажырамас ұғымдар. Олар біздің қоғамның құндылықтар жүйесінің іргетасы саналады. Тәуелсіздіктің арқасында қол жеткізген жетістіктерімізді мемлекеттің және жауапкершілігі мол отаншыл азаматтардың жасампаз қызметі арқылы ғана сақтап, еселеуге болады.

#### Бірлік және ынтымақ

Бірлік және ынтымақ – қоғамдағы тұрақтылық пен үйлесімділіктің тұғыры саналатын құндылықтар, жаңа сын-кәтерлер жағдайында олардың өзектілігі арта түседі.

Ел бірлігін сақтау және нығайту саясаты «Бірлігіміз – аралуандықта» деген қағидаға арқа сүйейді.

Ел бірлігі тарихи тағдырдың ортақтығына, азаматтық құндылықтар мен жалпыұлттық бірегейлікке, барлық азаматтың озық дәстүрлерді ұстануына, заң алдындағы теңдігіне, деструктивті, радикалды және біздің қоғамға жат көзқарастарды қабылдамауына негізделеді.

Ұнтымақ – баршамыздың бір елдің азаматы екенімізді сезіндетін ұғым, ол ортақ мақсаттарға жету үшін бір-бірімізді қолдауды және жауапкершіліктің маңызды екенін білдіреді.

Бірлік және ынтымақ құндылықтары елді жүйелі жаңғырту ісінде айрықша рөл атқарады, қоғамның реформаларды қолдау және азаматтардың стратегиялық міндеттерді шешуге атсалысу мүмкіндігін кеңейте түседі.

#### Әділдік пен жауапкершілік

Әділдік және жауапкершілік – қоғамда өзара сыйластықты, сенім мен келісімді нығайтатын, бір-бірімен тығыз байланысты ұғымдар.

Өрiб азамат өзiнiң рөлi маңызды екенiн және жеке жауапкершiлiгiн, құқықтары мен мiндеттерiн сезiне бiлуi керек. Бұл – шын мәнiнде, орнықты, қарқынды дамитын және үйлесiмдi қоғам құрудың негiзгi шартының бiрi.

Әділдік пен жауапкершілік құндылықтары мемлекет пен азаматтар күш-жігерін біріктіре ғана Әділетті Қазақстанды құруға болатынын көрсетеді.

#### Заң мен тәртіп

Тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету, заң бұзған адамды тиісті зазаға тарту – мемлекеттің негізгі функциялары.

Елімізде қоғамға жат мінез-құлдық қарсы иммунитет, кез келген құқық бұзушылыққа «мүлдем төзбеу», қатігездік пен зорлық-зомбылықтың ешбір түріне жол бермеу сияқты ұстанымдар берік орнығып жатыр.

Өрiб азамат заңды мүлтіксіз сақтау өзiнiң әл-ауқатын жақсартуды және елімізді есіркердеуінің келілі екенін түсінуге тиіс.

Заң мен құқықты тәртіптің үстемдігі – тұрақты әрі өркеніеті мемлекеттің тірегі.

#### Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік

Қоғамда, әсіресе ескеңе ұрпақтың санасында «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» формуласы берік орнығып келеді. Бұл – жауапты, еңбекқор, өз ісін сүйетін адам ғана шынайы табысқа қол жеткізе алады дегенді білдіреді.

Жұмысшы мамандықтарының беделін көтеріп, еңбек адамның құрметпен қарау әрі жеке кәсіби біліктілікті бағалау, масылдыққа қарсы әрекет ету мәдениетін қалыптастыру қажет.

Еңбекқорлық пен кәсіби біліктілік құндылықтарын дәртіптеу ел экономикасын дамыту үшін ғана емес, озық ойлы әрі бәсекеге қабілетті ұлт қалыптастыру үшін де маңызды.

#### Жасампаздық пен жаңашылдық

Жасампаздық пен жаңашылдық – идеялар мен инновациялар, цифрлық технологиялар және жасанды интеллект басты қозғаушы күш саналатын, индустриялық тұрғыдан дамыған әлемде елімізді бәсекеге қабілетті болуының келілі.

Озық ойлы қоғам құру үшін азаматтарымыздың өзгерістерге ашық болуы, жасампаздыққа ұмтылуы және креативті ойлай білуі маңызды.

Білімпаздық, сауаттылық, парасаттылық пен прагматизм қоғам менталитетінің ажырамас бөлігіне және әрбір азаматтың тұлға ретінде есіп-жетілуінің негізгі факторына айналуда тиіс.

Жасампаздық пен жаңашылдық құндылықтарын ілгерілету үшін ағартушылық қызмет және қоғамда ғалымдар мен педагогтердің мәртебесін дәйекті түрде көтеруге бағытталған жұмыс маңызды рөл атқарады.

Қазақстанның технологиялық тұрғыдан дамыған ел болуы үшін қоғамда жасампаздық пен жаңашылдық құндылықтарын бүгіннен бастап орнықтыру қажет.

#### 2. Жалпыұлттық нышандар

Елдің тарихи-мәдени ерекшеліктерін айқындайтын ұлттық нышандардың тізімін жасау – әлемде кеңінен қолданылатын тәжірибе.

Ұлттық нышандар елдің өзіне тән ерекшелігін тануға, жалпыұлттық бірегейлігімізді нығайтуға және тарихи-мәдени мұрамызды сақтауға ықпал етеді.

Осы мақсатта жалпыұлттық нышандардың мынадай тізімі айқындалады:

- ұлттық ұран – «Алға, Қазақстан!»;

- ұлттық түстер – аспан түстес көк, алтын сары түс;

- ұлттық кітап нышаны – Абайдың «Қара сөздері»;

- ұлттық бірлік нышаны – шаңырақ;

- ұлттық музыкалық аспап нышаны – домбыра;

- ұлттық өсімдік нышаны – қызғалдақ;

- отандық өнім шығарудың ұлттық белгісі – «Қазақстанда жасалған», «Made in Kazakhstan»;

- ұлттық хэштег – #Qazaqstan, #Kazakhstan.

Жалпыұлттық нышандардың осы тізімі елдің бірыңғай нышандар жүйесін және брендін қалыптастырады.

Ұлттық нышандар жалпыұлттық айдентиканы, атап айтқанда, мемлекеттік органдардың, өкімшілік-аумақтық бірліктердің, білім беру, мәдениет және спорт мекемелерінің, азаматтық қоғам институттарының базалық элементтеріне айналуда тиіс.

Ұлттық нышандар салтанатты рәсімдерді, қоғамдық-саяси гуманитарлық, мәдени-бұқаралық іс-шараларды өткізу барысында қолданылуы мүмкін.

### 3-ТАРАУ. ІШКІ САЯСАТТЫҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ

Ішкі саясаттың басым бағыттарына мыналар жатады:

1) қоғамдық диалог;

2) этносаралық қатынас саласындағы саясат;

3) дін саласындағы саясат;

4) мәдени-гуманитарлық саясат;

5) отбасы саясаты;

6) жастар саясаты;

7) ақпарат саясаты.

#### Қоғамдық диалог

Ашық және тұрақты қоғамдық диалог орнату үшін:

- мемлекеттің азаматтық қоғамның барлық институтымен өзара байланыс орнату тетігін жетілдіру;

- азаматтық қоғам институттарын дамытуға қажетті құқықтық, экономикалық және басқа да жағдайларды жасау;

- шешім қабылдау ісіне азаматтар мен азаматтық қоғам институттарының барынша араласуы;

- қоғамдық кеңестер мен орталық және жергілікті мемлекеттік органдар жанындағы өзге де консультативтік-кеңесші органдардың қызметін жетілдіру;

- мемлекеттік органдар жұмысының айқын және ақпараттық тұрғыдан ашық болуын қамтамасыз ету;

- қоғамдық пікірге үнемі мониторинг жүргізу қажет.

#### Этносаралық қатынас саласындағы саясат

Этносаралық қатынас саласындағы мемлекеттің саясаттың тиімділігін қамтамасыз ету үшін:

- бірлік пен ынтымақтастық құндылықтарын қоғамда дәртіптеу;

- қоғамдағы этносаралық келісім мен толеранттықты нығайту;

- ұлттың, нәсіліне және басқа да белгілер бойынша кемісудің барлық түріне түбегейлі қарсы тұру;

- Қазақстан халқы Ассамблеясы этносаралық келісім саласындағы негізгі институт ретінде дамыту;

- мемлекеттік органдар, ұйымдар және азаматтық қоғам институттары этносаралық қатынастар саласында өзара тиімді іс-қимыл жасау;

- этносаралық қатынас саласындағы ахуалға сапалы мониторинг жүргізу және талдау жасау қажет.

#### Дін саласындағы саясат

Дін саласындағы мемлекеттік саясаттың тиімділігін қамтамасыз ету үшін:

- мемлекетті дамыту ісінде зайырлыққа қағидаттарын тұрақты түрде ілгерілету;

- конфессияаралық келісімді және дін-аралық толеранттықты нығайту;

- дінді деструктивті мақсаттар үшін пайдалануға және діни наным-сенімді ұстануға біреуді мәжбүрлеуге жол бермеу;

- діни радикализм мен экстремизм насихаттау қарсы тұру;

- дін саласындағы ахуалға сапалы мониторинг жүргізу және талдау жасау керек.

#### Мәдени-гуманитарлық саясат

Мәдени-гуманитарлық саладағы мемлекеттің саясаттың тиімділігін қамтамасыз ету үшін:

- қоғамда жасампаздық пен жаңашылдық құндылықтарын, білімге құштарлықты ілгерілету, ғылымды дәртіптеу;

- қоғамның құқықтық, қаржылық, саяси, цифрлық, ақпараттық және экологиялық сауатын арттыру;

- мемлекеттің тілді және оның халықты ұйыстыруы тіп ретінде әлеуетін дамыту;

- Қазақстандағы барлық этностың тілдерін дамытуға қолайлы жағдай жасау;

- мәдениетті, әдебиетті және өнерді дамыту, сондай-ақ креативті индустрияны қолдау;

- елдің тарихи-мәдени және деректер мұраларын сақтау;

- ономастика және тарихи-мәдени монументтік өнер саласындағы рәсімдерді жетілдіру;

- тіл саласын, тарих пен ономастика мәселелерін саясиландыруға жол бермеу қажет.

#### Отбасы саясаты

Отбасы саясатының тиімділігін қамтамасыз ету үшін:

- отбасы институтын нығайту және отбасы құндылықтарын қолдау;

- жауапты ата-ана идеясын дәртіптеу;

- тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу және оған қарсы тұру, әйелдер мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

- отбасы саясаты саласындағы нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру қажет.

#### Жастар саясаты

Жастар саясатының тиімділігін қамтамасыз ету үшін:

- жастардың зияткерлік және жеке әлеуетін дамыту, отандық қоғамдық және экономикалық белсенділігін арттыру үшін қолайлы жағдай жасау;

- патриоттық тәрбие беру жүйесін дамыту, мемлекеттік рәміздерге құрметпен қарауды дәртіптеу, жауапты азамат болу идеологиясын және Отан тағдырына жанашырлық сезімін күшейтеу;

- жастарды волонтерлік және басқа да әлеуметтік маңызы бар жобаларға қатысуға ынталандыру;

- жастар арасында жасампаздық құндылықтарын және өмірге деген құлшынысты дәртіптеу;

- жастардың жағымсыз қылқытарға соның ішінде нашакорлыққа, маскүнемдікке, ойынқұмарлыққа, озбырлық пен тұрмыс-құрылық зорлық-зомбылыққа, вандализмге, ысырапшылыққа қарсы тұруы;

- мемлекеттік жастар саясатын әзірлеу және жүзеге асыру үдерісіне жастар өкілдерін белсенді қатыстыру қажет.

#### Ақпараттық саясат

Ақпараттық саясаттың тиімділігін қамтамасыз ету үшін:

- елімізді бұқаралық ақпарат құралдарының бәсекесіне қабілеттілігін арттыру;

- ағартушылық, ғылыми-танымдық және тәрбиелік мәні бар сапалы контентті дамыту;

- мемлекеттік органдардың бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара байланысын жетілдіру;

- журналистік этиканың жалпыға ортақ қағидаттарын дәртіптеу, ақпарат кеңістігіндегі кез келген заңсыз әрекеттің таралуына қарсы іс-қимыл жасау;

- деструктивті идеологияның және үгіт-насихаттың, жалған ақпараттың таралуына жол бермеу;

- масс-медиа саласындағы нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру қажет.

### 4-ТАРАУ. ІШКІ САЯСАТТЫ ІСКЕ АСЫРУДЫҢ ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ НЕГІЗІ

Ішкі саясат саласындағы жұмысты үйлестіруге Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі жауапты болады.

Орталық деңгейде ішкі саясатты жүзеге асыру ісінде Қазақстан Республикасының Үкіметі аттанын Үкімет Аппараты, Мәдениет және ақпарат министрлігі, Ғылым және жоғары білім министрлігі, Оқу-ағарту министрлігі, Туризм және спорт министрлігі, Қорғаныс министрлігі, Ішкі істер министрлігі, Әділет министрлігі, Экология және табиғи ресурстар министрлігі, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі және олардың аумақтық бөлімшелері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі және оның аумақтық бөлімшелері басты рөл атқарады.

Жергілікті жерде ішкі саясатты жүзеге асыруға барлық деңгейдегі өкімдер, сондай-ақ өкімдердің ішкі саясат жөніндегі орын-басарлары және басқа да уәкілетті жергілікті атқарушы органдар жауапты болады.

Ішкі саясатты жүзеге асыру барысында Қазақстан халқы Ассамблеясы, Ұлттық құрылтай, Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісі жанындағы қоғамдық палата, барлық деңгейдегі қоғамдық кеңестер және Қазақстан Республикасының Президенті, Парламенті, Үкіметі және жергілікті атқарушы органдары жанындағы басқа да консультативтік-кеңесші органдар маңызды рөл атқарады.

Жекелеген бағыттар бойынша ішкі саясатты жүзеге асыру мәселелерімен Қазақстан Республикасы Парламентінің және барлық деңгейдегі мәслихаттардың депутаттары, Адам құқықтары жөніндегі уәкіл, Бала құқықтары жөніндегі уәкіл, Халықтың әлеуметтік жағынан осал санаттарының құқықтары жөніндегі уәкіл, Саяси партиялар, бұқаралық ақпарат құралдары, үкіметтік емес ұйымдар, ғылыми, шығармашылық және кәсіби бірлестіктері мен одақтар өз қузыреттері мен өкілеттіктері аясында мемлекеттік органдармен бірлесіп отырып айналысады.

#### ҚОРЫТЫНДЫ

Ішкі саясаттың негізгі қағидаттары, құндылықтары мен бағыттары жалпыұлттық сипатқа ие және оларды



Дүйсенбі, 17 қараша	Сейсенбі, 18 қараша	Сәрсенбі, 19 қараша	Бейсенбі, 20 қараша	Жұма, 21 қараша	Сенбі, 22 қараша	Жексенбі, 23 қараша
<b>QAZAQSTAN</b>	<b>QAZAQSTAN</b>	<b>QAZAQSTAN</b>	<b>QAZAQSTAN</b>	<b>QAZAQSTAN</b>	<b>QAZAQSTAN</b>	<b>QAZAQSTAN</b>
05.30 ӘНУРАН. 05.35, 00.10 «КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ». 06:10 «АУЫЛ МҮҒАЛІМІ». 07.00 «TANSHOLPAN». 09.00 Т/Х «КЫЗ ТАҒДЫРЫ». 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 04.10 АҚПАРАТ. 10.10, 18.00 Т/Х «БІР СЕН ҮШІН». 12.10 «КЫЗЫҚ ЕКЕН...». 13.10 Т/Х «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ». 14.10 «АПТА». 15.00 «САҒЫНДЫРҒАН ӨНДЕР-АЙ». 16.00, 02.45 Т/Х «ЖАЛҒАН ӨМІР». 17.20, 03.30 ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ. 20.30 Т/Х «ЖҮРЕКТЕГІ МҮЗ». 22.20 АШЫҚ АЛАҢ. 23.10 «1001 ТҮН». 00.35 ФУТБОЛ.	05.30 ӘНУРАН. 05.35, 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 04.10 АҚПАРАТ. 06.10 Т/Х «АУЫЛ МҮҒАЛІМІ». 07.00 «TANSHOLPAN». 09.00 Т/Х «КЫЗ ТАҒДЫРЫ». 10.10, 18.00 Т/Х «БІР СЕН ҮШІН». 12.10, 03.30 «КЫЗЫҚ ЕКЕН...». 13.10 Т/Х «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ». 14.25 «ҚОС ПАЛАТА». 14.45 «ӘЛЕМ ЖӨНЕ БІЗ». 15.05 «САҒЫНДЫРҒАН ӨНДЕР-АЙ». 16.00, 02.45 Т/Х «ЖАЛҒАН ӨМІР». 17.20, 03.30 ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ. 20.30 Т/Х «ЖҮРЕКТЕГІ МҮЗ». 22.20 АШЫҚ АЛАҢ. 23.10 «1001 ТҮН». 00.35 ФУТБОЛ.	05.30 ӘНУРАН. 05.35, 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 01.40 АҚПАРАТ. 06.10 Т/Х «АУЫЛ МҮҒАЛІМІ». 07.00 «TANSHOLPAN». 09.00 Т/Х «КЫЗ ТАҒДЫРЫ». 10.10, 18.00 Т/Х «БІР СЕН ҮШІН». 12.10, 03.30 «КЫЗЫҚ ЕКЕН...». 13.10 Т/Х «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ». 14.20 «ЗАҢ АЛДЫНДА». 14.35, 02.50 «СОНҒЫ ҮКІМ ЕМЕС», Д/Ф. 15.15 «САҒЫНДЫРҒАН ӨНДЕР-АЙ». 16.00, 00.10 Т/Х «ЖАЛҒАН ӨМІР». 17.20, 01.00 ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ. 20.30 Т/Х «ЖҮРЕКТЕГІ МҮЗ». 22.20, 02.10 АШЫҚ АЛАҢ. 23.10 «1001 ТҮН». 04.10 АУЫЛДАСТАР.	05.30 ӘНУРАН. 05.35, 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 01.40 АҚПАРАТ. 06.10 Т/Х «АУЫЛ МҮҒАЛІМІ». 07.00 «TANSHOLPAN». 09.00 Т/Х «КЫЗ ТАҒДЫРЫ». 10.10, 18.00 Т/Х «БІР СЕН ҮШІН». 12.10, 03.25 «КЫЗЫҚ ЕКЕН...». 13.10 Т/Х «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ». 14.20 «ЖҮЛДЫЗДЫ ЖҮЗДЕСУ». 15.00 «САҒЫНДЫРҒАН ӨНДЕР-АЙ». 16.00, 00.10 Т/Х «ЖАЛҒАН ӨМІР». 17.20, 01.00 ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ. 20.30 Т/Х «ЖҮРЕКТЕГІ МҮЗ». 22.20, 02.10 АШЫҚ АЛАҢ. 23.10 «1001 ТҮН». 04.05 АУЫЛДАСТАР.	05.30 ӘНУРАН. 05.35, 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 02.25 АҚПАРАТ. 06.10 Т/Х «АУЫЛ МҮҒАЛІМІ». 07.00 «TANSHOLPAN». 09.00 Т/Х «КЫЗ ТАҒДЫРЫ». 10.10, 18.00 Т/Х «БІР СЕН ҮШІН». 12.10 «КЫЗЫҚ ЕКЕН...». 13.10 Т/Х «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ». 14.20 «БӨРКЕЛДІ». 15.45, 03.35 ЗАҢ АЛДЫНДА. 16.00, 00.55 Т/Х «ЖАЛҒАН ӨМІР». 17.20, 01.45 ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ. 20.30 Т/Х «ЖҮРЕКТЕГІ МҮЗ». 22.20, 02.55 АШЫҚ АЛАҢ. 23.10 «АУНАЙДЫ МАҒАН». 00.20 ПАРАСАТ МАЙДАНЫ. 03.50 АУЫЛДАСТАР.	05.30 ӘНУРАН. 05.35, 17.00, 00.40 АҚПАРАТ. 06.00, 02.40 «АУЫЛДАСТАР». 06.40 Т/Х «ЖАҢА ҚОНЫС». 08.10, 01.40 «КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ». 08.50 «АУНАЙДЫ МАҒАН». 09.00 Т/Х «КЫЗ ТАҒДЫРЫ». 10.00, 18.00 Т/Х «БІР СЕН ҮШІН». 12.00, 20.00 «АУНАЙДЫ МАҒАН». 14.15 Т/Х «КӨРШІННІ КЫЗЫ». 16.15 КОНЦЕРТ. 17.20, 01.00 «ҚОС ПАЛАТА». 17.40, 01.20 «ӘЛЕМ ЖӨНЕ БІЗ». 21.50 Т/Х «ЖҮРЕКТЕГІ МҮЗ». 22.45 «ЖЕТІ ГҮЛ», Х/Ф.	05.30 ӘНУРАН. 05.35 АҚПАРАТ. 06.40 Т/Х «ЖАҢА ҚОНЫС». 08.20, 01.35 ТЕЛЕДӨРІСЕР. 09.00 Т/Х «КЫЗ ТАҒДЫРЫ». 10.00, 18.00 Т/Х «БІР СЕН ҮШІН». 12.00 «АУНАЙДЫ МАҒАН». 14.15 ОТБАСЫ ЖӨНЕ ҚАРЖЫ. 14.40 «КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ». 16.00 «ЖЕТІ ГҮЛ», Х/Ф. 20.00, 00.35 АПТА. 20.50, 01.25 АҚОРЛА. 21.00 Т/Х «ЖҮРЕКТЕГІ МҮЗ». 21.55, 02.50 БӨРКЕЛДІ. 23.20 «НАРТӨУЕКЕЛ». 00.05 «КҮМІС КОМЕЙ».

Дүйсенбі, 17 қараша	Сейсенбі, 18 қараша	Сәрсенбі, 19 қараша	Бейсенбі, 20 қараша	Жұма, 21 қараша	Сенбі, 22 қараша	Жексенбі, 23 қараша
<b>ХАБАР</b>	<b>ХАБАР</b>	<b>ХАБАР</b>	<b>ХАБАР</b>	<b>ХАБАР</b>	<b>ХАБАР</b>	<b>ХАБАР</b>
05.00, 16.00 Т/Х «ВОСТОЧНЫЕ СЛА- ДОСТИ». 07.00 ОЯН. 10.00, 18.00 НОВОСТИ. 10.10 ГЛОБАЛЬНЫЕ СОБЫТИЯ. 10.30 М/Ф. 11.00 «ШЕБЕРЛЕР ШАЙҚАСЫ». 12.00, 20.00 Т/Х «ҒАШЫҚТЫҢ ТІЛІ». 13.45, 21.45 Т/Х «ЖАРЫҚ КҮН». 14.30 ХАҚЫҢ БАР. 14.50, 19.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 15.00 ЖҮМЫР ЖЕР. 15.30 АЙТЫС АЙНАСЫ. 16.00 ӘСЕМ ӨНДЕР. 16.30 «МИЛЛИОНҒА КЕЛЕСТІК», Х/Ф. 18.30 ПУЛЬС ПЛАНЕТЫ. 19.00 ЖЕР-ЖАҒАН. 22.40 КЕШРЕС. 23.40 КОНЦЕРТ. 01.40 Т/С «ПЕРЕКРЕСТОК». 02.40 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 Т/Х «ВОСТОЧНЫЕ СЛАДОСТИ». 07.00 ОЯН. 10.00, 18.00 НОВОСТИ. 10.10 М/Ф. 11.00 «БЕГОМ ЗА ДЕНЬГАМИ». 12.00, 20.00 Т/Х «ҒАШЫҚТЫҢ ТІЛІ». 13.45, 21.45 Т/Х «ЖАРЫҚ КҮН». 14.30 БІЗДІҢ НАЗАРДА. 14.50, 19.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 15.00 ӨЗЕКТІ. 15.30 ДӘСТҮР. 16.00 ӘСЕМ ӨНДЕР. 16.20 «ВОРИШКИ», Х/Ф. 18.30 ПУЛЬС ПЛАНЕТЫ. 19.00 ЖЕР-ЖАҒАН. 22.40 КЕШРЕС. 23.40 КОНЦЕРТ. 01.40 Т/С «ПЕРЕКРЕСТОК». 02.40 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 Т/Х «ВОСТОЧНЫЕ СЛАДОСТИ». 07.00 ОЯН. 10.00, 18.00 НОВОСТИ. 10.10 НАРОДНЫЙ КОН- ТРОЛЬ. 10.30 М/Ф. 11.00 «БЕГОМ ЗА ДЕНЬГАМИ». 12.00, 20.00 Т/Х «ҒАШЫҚТЫҢ ТІЛІ». 13.45, 21.45 Т/Х «ЖАРЫҚ КҮН». 14.30 НЕОСАНА. 14.50, 19.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 15.00 ӨЗЕКТІ. 15.30 ӘСЕМ ӨНДЕР. 16.00 «СЕЛФИ С ПРЕДКАМИ», Х/Ф. 18.30 ПУЛЬС ПЛАНЕТЫ. 19.00 ЖЕР-ЖАҒАН. 22.40 КЕШРЕС. 23.40 КОНЦЕРТ. 01.40 Т/С «ПЕРЕКРЕСТОК». 02.40 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 Т/Х «ВОСТОЧНЫЕ СЛАДОСТИ». 07.00 ОЯН. 10.00, 18.00 НОВОСТИ. 10.10 НЕОСЕТЬ. 10.30 М/Ф. 11.00 «БЕГОМ ЗА ДЕНЬГАМИ». 12.00, 20.00 Т/Х «ҒАШЫҚТЫҢ ТІЛІ». 13.45, 21.45 Т/Х «ЖАРЫҚ КҮН». 14.30 НЕОСАНА. 14.50, 19.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 15.00 ӨЗЕКТІ. 15.30 ӘСЕМ ӨНДЕР. 16.00 «5 ПРИЧИН НЕ ВЛОБИТЬСЯ В КАЗАХА», Х/Ф. 18.30 ҚОҒАМ ПИКІРІ. 19.00 ЖЕР-ЖАҒАН. 22.40 ОЙНАУ. 23.40 КОНЦЕРТ. 01.40 Т/С «ПЕРЕКРЕСТОК». 02.40 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 Т/Х «ВОСТОЧНЫЕ СЛАДОСТИ». 07.00 ОЯН. 10.00, 18.00 НОВОСТИ. 10.10 КУЛЬТУРНЫЙ КОНТЕКСТ. 10.30 М/Ф. 11.00 «БЕГОМ ЗА ДЕНЬГАМИ». 12.00, 20.00 Т/Х «ҒАШЫҚТЫҢ ТІЛІ». 13.45, 21.45 Т/Х «ЖАРЫҚ КҮН». 14.30 АРНАЙЫ РЕПОРТАЖ. 14.50, 19.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 15.00 ӨЗЕКТІ. 15.30 ӘСЕМ ӨНДЕР. 16.00 «5 ПРИЧИН НЕ ВЛОБИТЬСЯ В КАЗАХА», Х/Ф. 18.30 ҚОҒАМ ПИКІРІ. 19.00 ЖЕР-ЖАҒАН. 22.40 ОЙНАУ. 23.40 КОНЦЕРТ. 01.40 Т/С «ПЕРЕКРЕСТОК». 02.40 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 МАҢДАЙ ТЕР. 06.15 КІМ МЫҚТЫ? 07.30 КОНЦЕРТ. 09.30 ПРЕЗИДЕНТСКИЙ РЕЗЕРВ. 10.00 М/Ф. 11.20 М/Ф «ЦАРЕВНА И ДРАКОН. МАГИЧЕСКАЯ КНИГА». 12.00 «ХОТНИКИ ЗА ГОЛОВАМИ», Х/Ф. 14.00 ШЕБЕРЛЕР ШАЙҚАСЫ. 15.15 THE VOICE КАЗАҚСТАН. 17.15 Т/Х «КЕЛІНЖАН». 18.15 ЖЕКІП-ЖЕК АЙТЫС. 19.45 АЛАШҚЫ. 20.45 ҚЫЗЫҚ ТІМЕС. 22.00 7 КҮН. 22.40 ГЛОБАЛЬНЫЕ СОБЫТИЯ. 23.00 «ХОТНИКИ ЗА ГОЛОВАМИ», Х/Ф. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 МАҢДАЙ ТЕР. 06.15 КІМ МЫҚТЫ? 07.30 КОНЦЕРТ. 10.00 АЗАМАТ. 11.15 ӨМІР ӨРНЕГІ. 12.30 «УКРОЩЕНИЕ СТРОПИВОВОГО», Х/Ф. 14.30 М/Ф. 15.50 М/Ф «ЦАРЕВНА И ДРАКОН. МАГИЧЕСКАЯ КНИГА». 16.30 ҚЫЗЫҚ ТІМЕС. 17.45 Т/Х «КЕЛІНЖАН». 20.00 THE VOICE КАЗАҚСТАН. 22.00 7 КҮН. 22.40 ГЛОБАЛЬНЫЕ СОБЫТИЯ. 23.00 «ХОТНИКИ ЗА ГОЛОВАМИ», Х/Ф. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.

Дүйсенбі, 17 қараша	Сейсенбі, 18 қараша	Сәрсенбі, 19 қараша	Бейсенбі, 20 қараша	Жұма, 21 қараша	Сенбі, 22 қараша	Жексенбі, 23 қараша
<b>ЕВРАЗИЯ</b>	<b>ЕВРАЗИЯ</b>	<b>ЕВРАЗИЯ</b>	<b>ЕВРАЗИЯ</b>	<b>ЕВРАЗИЯ</b>	<b>ЕВРАЗИЯ</b>	<b>ЕВРАЗИЯ</b>
06.00, 02.50 П@УТИНА. 07.00, 19.00 KÖREMİZ- ШОУ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, КАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.00 Т/С «МЕЛОДИЯ НА ДВА ГОЛОСА». 14.10, 02.30 НОВОСТИ. 14.20, 02.40 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.35 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 Т/С «ПЕРВЫЙ ОТДЕЛ-3». 01.20 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00, 02.50 П@УТИНА. 07.00, 19.00 KÖREMİZ- ШОУ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, КАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.00 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 11.00 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 12.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 13.00 Т/С «ЛЮБИТЬ И НЕ НАВИДЕТЬ». 14.10, 02.30 НОВОСТИ. 14.20, 02.40 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.35 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 Т/С «ПЕРВЫЙ ОТДЕЛ-3». 01.20 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00, 02.50 П@УТИНА. 07.00, 19.00 KÖREMİZ- ШОУ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, КАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.00 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 11.00 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 12.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 13.00 Т/С «ЛЮБИТЬ И НЕ НАВИДЕТЬ». 14.10, 02.30 НОВОСТИ. 14.20, 02.40 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.35 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 Т/С «ПЕРВЫЙ ОТДЕЛ-3». 01.20 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00, 02.50 П@УТИНА. 07.00, 19.00 KÖREMİZ- ШОУ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, КАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.00 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 11.00 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 12.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 13.00 Т/С «ЛЮБИТЬ И НЕ НАВИДЕТЬ». 14.10, 02.30 НОВОСТИ. 14.20, 02.40 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.35 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 Т/С «ПЕРВЫЙ ОТДЕЛ-3». 01.20 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00, 03.20 П@УТИНА. 07.00, 19.00 KÖREMİZ- ШОУ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, КАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.00 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 11.00 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 12.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 13.00 Т/С «ЛЮБИТЬ И НЕ НАВИДЕТЬ». 14.10, 03.00 НОВОСТИ. 14.20, 03.10 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 04.05 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 ПЛАМЕНТ ONLINE. 20.55 ПОЛЕ ЧУДЕС. 22.15 Т/С «ПЕРВЫЙ ОТДЕЛ-3».	06.00, 03.40 ТОЙ БАЗАР. 07.00, 02.00 «П@УТИНА». 09.00 «ТЕТЯ КЛАВА ФОН ГЕТТЕН», Х/Ф. 11.20 «НЕСЛУЧАЙНЫЕ ВСТРЕЧИ», Х/Ф. 16.15 ҚАЙМАҚ. 17.00 ЖҮЛДЫЗДЫ ЖОЛ. 19.00 KÖREMİZ-ШОУ. 20.00 АСАУ ЖАҢАЛЫҚТАР. 21.35 «ЗАҚ МЕН ЕЛ». 20.50 «ОПАСНАЯ БЛИЗОСТЬ», Х/Ф.	06.00 ТОЙ БАЗАР. 07.20, 03.15 «П@УТИНА». 09.35 «НОВАРА НА КОЛЕСАХ». 10.40 Т/С «ЧАСЫ С КУКУШКОЙ». 15.20 «ДВЕ ЗВЕЗДЫ СЕМЕЙНЫЙ ПОДРЯД». 17.40 «ДАЛЕКИЕ БЛИЗКИЕ», Х/Ф. 20.00 АНАЛИТИКА. 20.50 Т/С «ОПАСНАЯ БЛИЗОСТЬ». 02.00 ЧТО? ГДЕ? КОГДА?

- Білім – байлықтың ең үлкені.  
- Халықтың қуаты – тілінде.  
- Оқыған адам еана көзі ашық болады.  
- Тіл – ұлттың жаны.  
- Ұлттың болашағы – ана тілінде.  
Ахмет БАЙТҮРСЫҢҰЛЫ.



БАСПАСӨЗ - 2026

# ГАЗЕТКЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗДАР!

**Әурметті «Мағжан жұлдызы» газетінің сұғырмандары!**

**Сіздерге 2026 жылдың бірінші жартыжылдығына жазылу науқаны жүріп жатқанын хабарлаймыз.**


**Газетке аудандық пошта және газет редакциясында жазылуға болатынын еске саламыз.**

**Газетке жарты жылға жазылу бағасы - жеке тұлғалар үшін - 2185 теңге, заңды тұлғалар үшін - 3372 теңге.**

**Анықтама телефоны: пошта - 2-17-80. редакция - 2-21-35.**



**АЛАЯҚТАРДАН ӨЗІҢІЗДІ ҚОРҒАҢЫЗ**



Өзіңізді алаяқтардан қорғау үшін eGov mobile мобильді қолбандасы арқылы «Банктік қарыздар мен шағын несиелерді алудан ерікті түрде бас тарту» қызметіне қосылуыңызға болады.

**ХАБАРЛАНДЫРУ**

*Құрметті Мағжан Жұмабаев ауданының тұрғындары! 2025 жылғы 20 қарашада сағат 10:00-ден 13:00-ге дейін Бұлаев қаласының Мәдениет үйінде «Азаматтарды қабылдаудың бірінші күні» өтеді.*

*Онлайн форматта қабылдау ұйымдастырылады, онда облыс басқармалары Zoom арқылы өтініш берушілерді қабылдайды.*

*Барлық шетелдікшілерді ашық диалогқа қатысуға, қызықты мәселелерді талқылауға және қала мен ауданды дамыту жөнінде ұсыныстар енгізуге шақырамыз. Сіздің пікіріңіз маңызды!*

**СТҮРҒЫН ҮЙ САЯСАТЫ**

## ҚАЗАҚСТАНДА БАСТАПҚЫ ЖАРНАСЫЗ ИПОТЕКА ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

«Отбасы банк» «Дипломмен – ауылға» бағдарламасы аясында несие беруді бастады. Несие мөлшерлемесі – 1%. Бастапқы жарна – 0%. Биыл бұл бағдарлама алғашқы болып өтінім берген 200 қазақстандыққа жаңа баспана сыйлады.

Бағдарламаға ауылдар мен аудан орталықтарына жұмыс істеуге келген тұрғындар қатыса алады. Несие қаражатын үй сатып алуға немесе салуға пайдалануға болады. 2025 жылы несие өтінімі ең жоғары сомасы – 2 500 АЕК немесе 9 830 000 теңге, мерзімі – 15 жылға дейін.

Сонымен қатар ауыл тұрғындары көтерме жәрдемақы да ала алады. Бұл – 2025 жылы 100 АЕК немесе 393 200 теңге көлеміндегі біржолғы төлем. Ол үйді жабдықтауға және алғашқы қажетті заттарды сатып алуға көмектеседі.

Бағдарламаны қаржыландыруды мемлекет жүзеге асырады.

Бағдарламаға техникалық және кәсіптік, жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар, сондай-ақ кемінде 3 жыл еңбек өтілі бар қазақстандықтар қатыса алады. Қатысушылар мынадай сұранысқа ене салаларда жұмыс істеуі тиіс:

- білім беру;
  - денсаулық сақтау;
  - әлеуметтік қамсыздандыру;
  - агроөнеркәсіп кешені;
  - мәдениет;
  - спорт;
  - ауылдық округтер әкімдері аппараттарындағы мемлекеттік қызмет (әкімдер мен олардың орынбасарларын қоспағанда).
- Жыл сайын жергілікті әкімдіктер өз елді мекендері үшін жоғарыда аталған бағыттар бойынша сұранысқа ене мамандар тізімін жасайды. Несие берілгеннен кейін аудандық әкімдері мен олардың орынбасарларымен кездесу жүзеге асырылады.

қысы келетін азаматтар ең алдымен өз елді мекенінің әкімдігіне барып, қай мамандықтардың қажет екенін нақтылауы керек. Егер әкімдік, мысалы, дәрігер немесе агроном қажет екенін растап, тұрғынды тұрғын үй мәселесін шешуде қолдауға дайын болса, онда маманға бағыттама береді. Осыдан кейін ауыл тұрғыны Vaspara Market (otbasubank.kz) порталында өтінім бере алады.

Дәл осы «Дипломмен – ауылға» бағдарламасы Қостанай облысының тұрғыны, үш баланың әкесі Валерий Барышевке бастапқы жарнасыз өз үйін сатып алуға мүмкіндік берді. Жас маман бірнеше жыл бұрын университетті тәмамдағанымен, қалада өз мамандығы бойынша жұмыс табу жөніне оңай болмаған. Пәтерлік қымбат, ал бастапқы жарнаға қаражат жинау мүмкін болмапты. Сол себепті Валерий туған Калинин ауылдық округінің әкімдігіне маман болып жұмысқа орналасып, ауылда өз бағын сынап көруді ұйғарған. Дәл сол жерде ол «Дипломмен – ауылға» бағдарламасы туралы білген.

– Егер «Дипломмен – ауылға» бағдарламасы болмағанда, біз өзі ұзақ уақыт жинап жүрер едік. Менің кәсібім – елімізде тұрғын үй мәселесін шешуге арналған мүмкіндіктерді пайдалану керек. Көшу мен қиындықтардан қорықпау қажет, өзіңе сену маңызды. Қалада жылдар бойы жалдамалы пәтерде тұруға болады, ал ауылда осылай тез арада өз баспаналы болып,



Балаларды жайлы ортада өсіруге мүмкіндік бар, – дейді қуанышымен бөліскен Валерий Барышев.

«Дипломмен – ауылға» бағдарламасының операторы – Отбасы банк. Банк өтінім қабылдау мен несие беру процесін толығымен онлайн форматқа ауыстырды. Өйткені көптеген ауылдар банк бөлімшелерінен алыс орналасқан. Қашықтан қызмет көрсету азаматтардың уақытын үнемдеп, мемлекеттік қолдауға қол жеткізу мерзімін едәуір жеделдетті.

Сонымен қатар Отбасы банк әкімдіктермен деректер алмасуды автоматтандырды. Бұл келісу мерзімдерін қысқартуға, қаражат бөлу ашықтығын арттыруға және клиенттерге қолайлы жағдай жасауға мүмкіндік берді. Бағдарлама қатысушылары өтінім мәртебесі мен хабарламаларды онлайн алады, сондай-ақ несие мерзімінен бұрын онлайн өтей алады.

Бағдарлама өз тиімділігін дәлелдеді – ол өңірлер мен ауылдарда білікті кадрларды ұстап қалуға нақты көмектесіп отыр.

Соңғы екі жылда осы бағдарламаның арқасында 7 188 отбасы баспана мәселесін шешті:

- 2023 жылы – 17,7 млрд теңгеге 3 483 несие берілді;
- 2024 жылы – 29,6 млрд теңгеге 3 705 несие рәсімделді.

## ТҮРҒЫН ҮЙ ТӨЛЕМДЕРІН АЛУШЫЛАР ҮШІН ОТБАСЫ БАНК БІРДЕН ЕКІ БАҒДАРЛАМАНЫ ІСКЕ ҚОСАДЫ

«Бөйтерек» холдингінің еншілес ұйымы – Отбасы банк 2025 жылдың 17 қарашасынан бастап тұрғын үй төлемдерін алушылардан несие өтінімдерін қабылдауды бастайды. Бұл – Қорғаныс министрлігі, ҰҚК, ІІМ, ТЖМ, Мемлекеттік күзет қызметі, әскери прокуратура және басқа да мекемелердің қызметкерлері мен әскери қызметшілер.

Банк бөлімшелеріне өз бетінше барудың қажеті жоқ. Несие беру ведомстволар (министрліктер мен қызметтер) жасайтын тізімдер бойынша жүргізіледі. Банк мекемелерге арнайы хаттар жіберді. Тізімдер дайын болғаннан кейін ғана тұрғын үй төлемін алушылар банкке барады. Онда менеджер қызметкердің аты-жөні тізімде бар-жоғын тексеріп, содан кейін несие өтінімін қабылдайды.

Жаңа тұрғын үй сатып алғысы келгендер «Наурыз Әскери» атты жаңа бағдарламаға қатыса алады. Бұл бағдарлама бойынша несие мөлшерлемесі – 9%. Тіпті бастапқы жарнасыз да қатысуға болады. Егер бастапқы жарна 0%-дан 20%-ға дейін болса, онда несие сомасының ең жоғары мөлшері Алматы мен Астана қалалары үшін – 36 миллион теңге, ал басқа өңірлер үшін – 30 миллион теңге болады. Егер бастапқы жарна 20%-дан 50%-ға дейін болса, банк ең жоғары несие сомасын 80 миллион теңгеге дейін ұлғайтуды жоспарлап отыр. Тұрғын үйді тек жаңа үйден алуға болады.

«Наурыз Әскери» – бұл «Наурыз» бағдарламасының тағы бір бағыты. Бағдарламаны жүзеге асыруға қажетті қаражат әлеуметтік облигациялар шығару арқылы, яғни нарықтық жағдайларда тартылады. Сондықтан бағдарлама қатысушылары үшін несие мөлшерлемесін мемлекет субсидиялайды. Бұл шара азаматтарға несие өлкетіміді пайызбен алуға мүмкіндік береді.

«Наурыз Әскери» бағыты бойынша жаңа тұрғын үйді Vaspara Market (otbasubank.kz) порталында таңдап, брондап және сатып алуға болады.

Егер тұрғын үй төлемін алушылар дайын (екіншілік) тұрғын үй сатып алғысы келсе, олар «Әскери баспана» бағдарламасын пайдалана алады. Бұл бағдарлама бойынша несие мөлшерлемесі – 18%\*. Бастапқы жарна 20%-дан 50%-ға дейін болуы керек. Қатысушы ең көбі 50 миллион теңгеге дейін несие ала алады.

Бағдарламаға қатысушы өзіне ұнаған тұрғын үйді өзі таңдайды. Отбасы банкінің тұрғын үй төлемін алушыларды қолдау нәтижелері:

Отбасы банк тұрғын үй төлемдерін алатын 44 103 адамның баспаналы болуына көмектесті. Бұл мақсатқа жалпы 870,5 миллиард теңге бөлінді. Оның ішінде әскери бағдарламалар аясында 18 мың несие, жалпы сомасы 428 миллиард теңгеге берілді.

\* (ЖТСМ 9,47% ден 10,4%)  
\*\* (ЖТСМ 23,6% ден 24,3%)

<p>Директор - бас редактор Нияз ГОНЧАР</p> <p>Газеттің мәнісік иесі: «Газета «Весты» ЖШС»</p>	<p>Редакцияның мекенжайы: 150800 Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы, Бұлаев қаласы, Батыр Баев көшесі, 13 үй. Тел: 2-17-49. Баспадан ителкі: 65360 e-mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz</p>	<p>Газет антасына 1 рет бейсенбі күні шығады. Жазылу индексі - 65360</p>	<p>«Magjan Juldzyz» газеті редакцияда терісін беттелді. «Северный Казахстан» баспаханасында басылды. (Петропавл к., Коммунал к-сі, 5 үй). Тарауына - 450</p>
---	---	--	--

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 2018 жылы 11 желтоқсанда есепке алынып, №17395-Г куәлігін алған. Жарнаманың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция қозғарсын білдірмейді. Редакцияға жолданған қоғалжабалар, хаттар «Мағжан жұлдызы» газетінің мөңшігіне айналады, рецензияланбайды, қайтарылмайды. Газетті жеткізіп беру мәселелері жөнінде 2-17-80 телефоны бойынша аудандық пошта торабына хабарлауға болады.